

Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмектің көлемін бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Бұқар Жырау аудандық мәслихатының 2 сессиясының 2007 жылғы 22 қазандағы N 5 шешімі. Қарағанды облысы Бұқар Жырау ауданы Әділет басқармасында 2007 жылғы 13 қарашада N 8-11-48 тіркелді. Күші жойылды - Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2014 жылғы 31 қазандағы № 5 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Бұқар жырау аудандық мәслихатының 31.10.2014 № 5 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 5-тармағына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін жылына 2 айлық есептік көрсеткіш әлеуметтік көмектің көлемі бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Бұқар Жырау аудандық мәслихатының 10.09.2014 N 6 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мәслихат хатшысы*

*Сессия төрағасының  
міндеттерін атқарушы  
А. Жүніспеков*